

БАНКАРАЛЫҚ КОРРЕСПОНДЕНТТІК ҚАТЫНАСТАР ЕСЕБІ

Әмір Айдана

3-курс, Есеп және Аудит

КОРРЕСПОНДЕНТТІК ҚАТЫНАС

Корреспонденттік қатынас - бұл екі немесе бірнеше несиелік мекемелер арасында олардың бірінің тапсырысы және екіншісінің қаржысы есебінен төлемдерді және есеп айырысуды, сондай-ақ несие ұсыну, инвестициялық қызмет көрсету туралы келісім жүзіндегі қатынас.

-
- Сонымен қатар ірі корреспондент-банктер негұрлым ұсақ банктерге инвестициялық коржынды басқару бойынша кеңестер беріп, олардың тапсырысы негізінде бағалы қағаздарды сатады, сатып алады, сақтайды және басқарады.
 - Корреспонденттік байланыстардың дамуы тіптен банктің жаңа бөлімшесін ашу сияқты бірнеше жеңілдіктер бере алады, бірақ бұл кезде банк өзінің кұқықтық еркіндігін және өткізілген операцияларға бақылау жүргізуін сақтайды.
 - Мемлекет банктерінің қазіргі кездегі есеп айырысулары міндетті түрде ҚР Ұлттық банкінің филиалдарында ашылған корреспонденттік шоттар арқылы жүргізіледі, сондай-ақ банктің қалауы бойынша елдің басқа да, жақын және алыс шетелдің банктерімен тікелей корреспонденттік қатынастар кұру арқылы жүргізілуі мүмкін.

26.10.2000 ж. №348 банк операцияларының жекелеген түрлерімен айналысатын банктер мен ұйымдар арасында корреспонденттік қатынасты қалыптастыру туралы ережеде төмендегідей анықтама берілген:
«корреспонденттік қатынас — банктер арасындағы келісім, соған сәйкес оның біреуі (корреспондент) басқа банкке (респондент) депозитті сақтайды және төлемдер мен басқа да операциялар бойынша қызмет көрсетеді».

*«КОРРЕСПОНДЕНТТІК ШОТ -
ЖАСАЛҒАН КОРРЕСПОНДЕНТТІК
КЕЛІСІМШАРТ ШОТ НЕГІЗІНДЕ БІР
БАНКТЕ ЕКІНШІ БАНКТИҢ
ТАПСЫРЫСЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫСЫ
ЕСЕБІНЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЕСЕП
АЙЫРЫСУЛАР КӨРСЕТІЛЕТІН ШОТ».*

КОРРЕСПОНДЕНТТІК ШОТ АРҚЫЛЫ БАНКАРАЛЫҚ ЕСЕП АЙЫРЫСУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕКІ НҰСҚАСЫ БАР:

орталықтандырылған

бұл кезде банктер арасындағы есеп айырысу міндетті түрде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде ашылған олардың корреспонденттік шоттары арқылы жүргізіледі;

орталықтандырылмаған

немесе неғұрлым либералды-коммерциялық банктердің бір-бірімен өзара қатынасын қарастырады.

ЛОРО, НОСТРО ШОТТАРЫ АРҚЫЛЫ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ЕСЕБІ ТӘРТІБІ.

Клиенттерге кассалық есеп қызмет көрсету үдерісінде және төлемдерді жүргізуде банктер бір-бірімен корреспонденттік қатынастарға түседі. Бұл кезде екі түрге бөлінетін корреспонденттік шоттар ашылады:

- «НОСТРО» шоты (латынша «ностро» - «біздің» деген мағынаны береді, яғни «сіздегі біздің шот»);
- «ЛОРО» шоты (латынша «лоро» - «сіздің» деген мағынаны береді, яғни «біздегі сіздің шот»).

«НОСТРО» типтес шоттарды қандай да бір банктер корреспондент банкттерде ашады, ал «ЛОРО» типтес шоттар - респондент банктердің атына ашылады, сонымен қатар аталған шоттар өзара негізде, сондай-ақ бір жақты да ашылуы мүмкін. Бір банктегі «НОСТРО» шоты корреспондент банктегі «ЛОРО» шоты болып табылады.

Банктер Ұлттық банктің корреспонденттік шот ашуға және жүргізуге берген лицензиясы болған жағдайда ғана корреспонденттік шот аша алады және жүргізе алады. Бұл кезде банктерге лицензия ҚР заң актілеріне, соның ішінде банктерді лицензиялау мәселелерін реттейтін Ұлттық банктің нормативтік құқылық актілеріне сәйкес беріледі.

Респондент корреспонденттік шот ашу үшін корреспондентке келесі құжаттарды ұсынады:

- корреспонденттік шот ашуға өтініш (1-қосымша);**
- банктер үшін банктік операциялар жүргізуге берілген лицензияның нотариалды бекітілген көшірмесі;**
- банктік емес мекемелер үшін аударым операцияларын жүргізуге берілген лицензияның нотариалды бекітілген көшірмесі.**

Корреспонденттік шот ашу кезінде респондент корреспонденттің қаржылық жағдайын талдайды және өзінің өкілетті органының негізінде корреспонденттік шот ашады.

Корреспонденттік шот жасалған корреспонденттік шот келісімі негізінде ашылады. Корреспонденттік шот келісімі келесі деректемелерден тұруы тиіс:

- келісім мәні;
- салық төлеуші респонденттің салық қызметі органынан берілген құжатта көрсетілген тіркеу нөмірі;
- корреспонденттің қызмет көрсету шарттары және оны төлеу тәртібі;
- респондент ақшасын қолдану тәртібі;
- төлем құжаттарын жолдау тәртібі және төлем немесе ақша аударымы туралы ақпарат алмасу әдістері;
- корреспонденттің респондентке тоқсандық қаржылық есеп беруді ұсыну тәртібі соның ішінде бухгалтерлік балансты, қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижесі туралы есеп беруді, ақша қозғалысы туралы есеп беруді және қажет болса қаржылық есеп берудің басқа да нысандарын ұсыну тәртібі, олардың негізінде несиелік және өтімділік тәуекелдігін бақылау және төмендету мақсатында респондент корреспонденттің қаржылық жағдайын талдайды;
- корреспонденттің респондентті Ұлттық банктің корреспонденттік шот ашуға және жүргізуге берген лицензияны қайтарып алғандығы жөнінде уақтылы хабардар ету жауаптылығы;

келісімнің әрекет ету мерзімі және бұзылу тәртібі;

- дауды шешу тәртібі;
- Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмейтін басқа да шарттар.

Корреспонденттік шотты жүргізу үшін келесі жалпы талаптар қойылады. Өзінің корреспонденттік шоты бойынша респондент ҚР заңдарына және корреспонденттік шот келісіміне қайшы келмейтін операцияларды жүзеге асыруға кұқылы.

Корреспондент пен респондент арасындағы келісім шарттарына сәйкес оның біреуінен корреспонденттік шот ашу немесе жүргізу лицензиясы кері шақырылғанда немесе респондент корреспонденттік шотты жабу кезінде, корреспондент респондент көрсеткен шотқа ақша аударымын аударуға міндетті.

Корреспонденттік шотты пайдалану негізінен шоттағы қаражаттың ең теменгі қалдығымен, ал ішінара комиссиялық сыйақыларды төлеу жолымен теленеді. Бұл кезде корршоттағы несиелік ресурстар талап ету депозиттерін ұсынады. Сол себепті әдетте керсетілген шоттар бойынша қалдықтар есеп айырысу операцияларын өткізуге қажетті ең темен деңгейде ұсталынады.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!